

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және Құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

Токабасова Жасмин

«Петропавл қаласындағы банк ғимараты»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және Құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

т.ғ.к., қауым. проф.

 Ж.Т.Наширалиев

« 06 » 06 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Петропавл қаласындағы банк ғимараты»


5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған: Токабасова Жасмин



Ғылыми жетекші:

т.ғ.м., лектор

 Турганбаев А.П.

« 06 » 06 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және Құрылыс институты


Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.к., қауым. проф.

 Ж.Т.Наширалиев

«__» __/ 2022 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Токабасова Жасмин

Тақырыбы: «Петропавл қаласындағы банк ғимараты»

Университет ректорының «24» желтоқсан 2021ж. №-489-П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «20» мамыр 2022 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Петропавл қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі - тұтасқұймалы темірбетон

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: көлемдік- жоспарлау шешімдері, жылутехникалық есеп, нұсқаны есептеу фундаменті және салу тереңдігі;
- б) Есептік-конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау, арқалық, ұстын есебі;
- в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: технологиялық карталарды әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;
- г) Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

- 1 Ғимараттың қасбеті, кималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 4 парақ;
- 2 Ұстынның, арқалықтың арматурлануы спецификациялар - 2 парақ;
- 3 Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет:




1 ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы,


2 ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылутехникасы

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулет-аналитикалық	02.02.2022-28.02.2022	
Есептік- конструктивтік	21.02.2022-18.03.2022	
Ұйымдастыру- технологиялық	14.03.2022-15.04.2022	
Экономикалық	11.04.2022-18.04.2022	
Алдын ала қорғау	12.05.2022ж.- 19.05.2022	
Антиплагиат нормобақылау	20.05.2022ж.- 27.05.2022	
Сапаны бақылау	20.05.2022ж.- 27.05.2022	
Қорғау	06.06.2022ж.- 14.06.2022	

**Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	А.П.Турганбаев, т.ғ.м., лектор	28.02.2022	
Есептік- конструктивтік	А.П.Турганбаев, т.ғ.м., лектор	18.03.2022	
Ұйымдастыру- технологиялық	А.П.Турганбаев, т.ғ.м., лектор	15.04.2022	
Экономикалық	А.П.Турганбаев, т.ғ.м., лектор	18.04.2022	
Нормобақылаушы	М.Ж. Шанбаев, т.ғ.м., тьютор	04.06.2022	
Сапаны бақылау	Н.В.Козюкова, т.ғ.м., лектор	27.05.2022	

Ғылыми жетекші  Турганбаев А.П.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Токабасова Ж.

Күні

«30» 01 2022 ж.

АНДАТПА

«Петропавл қаласындағы банк ғимараты» тақырып бойынша, берілген архитектуралық деректер бойынша дипломдық жоба жасалды. Бірінші Revit 2022 бағдарламасында архитектуралық бөлімі сызылды, фасадтар, жоспарлар, қима, түйін бойынша ақпарат алуға болады. Содан есептік бөлім басталып, есеп Лира Сапр бағдарламасында жүргізіліп, ғимаратқа әсер ететін күштер нәтижесіндегі анализ, иілуге, қозғалуы туралы ақпарат берілген. Келесі технологиялық ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, жұмыстар көлемі анықталды, олар бойынша жер асты техкарта және құрылыс генплан жасалды, ең соңында алынған ақпараттар бойынша смета жасалды.

АННОТАЦИЯ

Разработан дипломный проект по теме «здание банка в г. Петропавловск», по заданным архитектурным данным. В первой очередь была вычерчена архитектурная часть в программе Revit 2022, по нему можно получить информацию по фасадам, планам, разрезам, узлам. Затем начинается расчетная часть, здание было рассчитано в программе ЛИРА Сапр и по этой части можно получить информацию о результатах анализа, изгиба, перемещения, действующих на здание. Были проведены следующие технологические организационные работы, определение объемов работ, по которым были составлены подземная техкарта и строительный генплан, а в конечном итоге была составлена смета по полученной информации.

ANNOTATION

A diploma project on the topic "bank building in Petropavlovsk" has been developed, according to the given architectural data. First of all, the architectural part was drawn in the Revit 2022 program, according to it you can get information about facades, plans, sections, nodes. Then the calculation part begins, the building was calculated in the LIRA Cad program and for this part you can get information about the results of analysis, bending, displacement acting on the building. The following technological organizational work was carried out, the definition of the scope of work for which an underground technical map and a construction master plan were drawn up, and eventually an estimate was made based on the information received.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Сәулеттік-аналитикалық бөлім	8
1.1	Аймақтың климаты және геологиясы	8
1.2	Сәулет-жоспарлау шешімі	8
1.3	Техника-экономикалық көрсеткіштерді есептеу	9
1.4	Құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдай анализі	9
1.5	Қоршау конструкциясының жылу техникалық есебі	10
1.6	Банк ғимаратының инженерлік жүйелері	11
1.7	Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шараларды негіздеу	12
1.8	Көлемді-жобалау шешімдері	12
1.9	Конструктивтік шешімдер	12
1.10	Іргетас нұсқасы мен оның тереңдігі	13
1.11	Конструкция элементтерінің өлшемдері мен материалдарын қабылдау	13
2	Есептік конструктивті бөлім	14
2.1	Есептік схемасын құру	14
2.2	Жүктемелерді жинақтау	15
2.3	Жүктемелердің комбинациясын құру	19
2.4	Топырақты негізді моделдеу	20
2.5	Есептеулер бойынша анализдар	21
2.6	Колонна және ригель есебі	24
3	Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі	28
3.1	Бүкіл ғимаратты салу жұмыстарының көлемін анықтау	28
3.2	Жер жұмыстарының құрылымы бойынша нұсқаулар әзірлеу	29
3.3	Экскаватор, бульдозер, самосвал таңдау	29
3.4	Құрылыс бас жоспары	32
3.5	Токпен қамтамасыз ету	32
3.6	Уақытша құрылымдарға қажеттілік	32
3.7	Сақтау құрылымдарға қажеттілік	33
4	Экономикалық бөлім	34
	Қорытынды	35
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	36
	Қосымша А	37
	Қосымша Б	39

КІРІСПЕ

Дипломдық жұмыстың тақырыбы «Петропавл қаласындағы банк ғимараты». Банк ғимаратының мемлекет экономикасы үшін, сонымен қатар халық үшін маңыздылығы өте үлкен.

Банк ғимараты Петропавл қаласының орталығында орналасқан, өз қызметін толыққанды орындап, бір мезетте көп тұтынушыға қызмет көрсету үшін көп кабинеттерден тұрады. Архитектуралық жобалау барысында Autodesk Revit 2022 бағдарламалық кешені қолданылды. Ғимарат жалпы 12 қабаттан тұрады, оның алғашқы бес қабаты 1865м², ал қалған қабаттары 700м².

Есептік бөлімінде жүктемер жинақталып, бағдарлама арқылы есептер жүргізіледі, алдын ала ақпараттар бойынша берілген қалада сейсмика күштері қатты емес, сондықтан ол ескерілмейді, жел жүктемесі есептеледі. Программадан алған қорытындылар бойынша момент күш, көлденең күш арқылы арқалық және үстін арматура тандау есептері жүргізіледі еврокод бойынша.

Ғимарат биік болғандықтан плиталық іргетас алдын ала тандалды, сол үшін үшінші бөлімінде қазаншұңқырға есептеулер жүргізіліп, құрылыс бас жоспары құрылып, тех карта жасалады, сонымен қатар барлық жұмыстар үшін күнтізбелік жоспар құралады.

Соңында алған мәліметтер бойынша барлық ғимаратқа смета есептеулер жүргізіледі. Оның барлық түрі, яғни ресурстық смета локальді смета және объекті смета жасалады. Материалдар және машина мен механизмдер шығыны анықталады.

1 Сәулет құрылыстық бөлім

1.1 Аймақтың климаты және геологиясы

Солтүстік Қазақстан облысының ауа райы шұғыл континенттік, қыс пен жазда үлкен температуралық ауытқулармен. Қыс мезгілі салқын әрі ұзақ, 5 айға созылады. 40-50см қар жабынымен қапталады

ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы бойынша:

- Климаттық ауданы – ІВ (Қаңтар ацының орташа температурасы минус 14°С-тан аз, жылыту кезеңі ұзақ, ең салқын бескүндікте төмен температура,максималды жылуоқшаулағышты және желден қорғанысты қажет етеді);

- Ең минималды температура – минус 45°С;

- Ең салқын бескүндік температурасы – 0,92 минус 34,8°С, 0,98 минус 38,4°С;

- Ең салқын күндер қауіпсіздік – 0,92 минус 39,3°С, 0,98 минус 41,3°С;

- Желтоқсан-ақпан айларындағы желдің басым бағыты – оңтүстік-батыс;

- Жылытылатын кезеңдегі орташа жылдамдығы – 4.2 м/с;

- Қар ауданы – IV, есепті қар жүктемесі – 1,8 кПа;

- Жел ауданы - IV, есепті жел жүктемесі – 0,77 кПа;

- Ең жылы температура – 40,5°С;

- Маусым – тамыз айларындағы желдің басым бағыты – солтүстік-батыс;

- Шілде айындағы ең аз орташа жылдамдығы – 3.0 м/с.

Кесте 1 – Ауаның орташа айлық және жылдық температура

Мекен	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтқсан	Жыл
Петро-павл	-16,8	-15,7	-8,1	3,8	12,6	18,1	19,5	16,6	10,8	3,2	-7,2	-13,6	1,9

1.2 Сәулет жоспарлау шешімі

Ғимарат 12 қабаттан тұрады, әр қабаттың биіктігі 3300 мм. Ғимараттың қасбеті витражды терезелермен жасалған. Банк ішіндегі жоспар тұтынушы көшеден кіргеннен бастап, банк ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған. Тұтынушы вестибюльдан операциялық залға өткен кезде кезекті күту орындықтары мен жазуға арналған құралдармен столдар қамтамасыз етілген, Тереземен шектелген

бухгалтерлер мен жұмысшылар отыру орны , сонымен қатар клиенттерге арналған бөлек бөлмелер қарастырылған. Архитектура модерн стильнде орындалған.

Әр қабатта сейфтармен сақтау бөлмелер, карталар берілу бөлмелері, дем алу бөлмелері, жұмысшыларға арналған бөлек бөлмелер бар.

Тұтынушылар ыңғайлылығы үшін автокөлік тұрақтары ғимарат қасында орналасқан, қаланың экологиясын жақсарту мақсатында, ағаштар егілген

1.3 Техника-экономикалық көрсеткіштерді есептеу

Техника-экономикалық көрсеткіштерді әр ғимараттың конструктивті және экономикалық шешімдер көрсеткіштерін салыстыру мақсатында есептеледі.

Тұрғын ауданы - барлық тұрғын бөлмелердің қосындысы, әдетте ас үйі мен санитарлық торап оған қосылмайды. Дипломдық жобадағы ғимарат ауданы 11285,2 м²

Жалпы ауданы – барлық бөлмелер қосындысы, тек баспалдақтар мен лифтқа арналған жерлерден басқа. 13045,7м²

Құрылыс ауданы – ғимараттың жер бетіндегі алып тұрған ауданы. 1866,6м²

Жоспарлау экономикалық тұрғыда тиімді жүргізілгенін көру үшін, тұрғын ауданын жалпы ауданға бөлеміз:

$$\frac{11285,2}{13045,7} = 0,8$$

Көлемдік тиімділікті құрылыс көлемін тұрғын ауданына бөлу арқылы анықтаймыз:

$$\frac{37241,2}{13045,7} = 2,85$$

1.4 Құрылыстың инженерлік геологиялық жағдай анализі

Барлық ғимараттың негізі ол іргетас болып табылады, бүкіл конструкция элементтерінің салмағы іргетасқа жүктеледі, оны салу кезіндегі қателіктер ғимараттың қирауына әкеліп соғуы мүмкін. Уақыт өткен сайын іргетас шөгеді, оның нәтижесінде қабырға сияқты конструкцияларда жарықшалар пайда болуы мүмкін, оны болдырмау үшін топырақ қату тереңдігі ескерілуі қажет. Топырақ қатуының негізгі себептерінің бірі ылғалдылық және төмен температура.

Петропавл қаласындағы және Солтүстік Қазақстан жерлеріндегі топырақ түрі қара топырақ. Қала бойынша топырақтың қату тереңдігі

- саз және саздық – 1,5м;
- құмдақ және ұсақ құм – 1,9м;
- орташа ірі құм – 2,0м;
- ірі сынықты топырықтар – 2,2м.

Сонымен қатар сейсмикалық ауданда орналаспаған, оған алда есептеулер жүргізіледі

1.5 Қоршау конструкциясының жылу техникалық есебі

Құрылыс ауданы Петропавл қаласы

Қоршау конструкциясы – бетон, минераловатная плита, грунтовка, фасадная штукатурка

Ішкі ауа температурасы - $t_B = 18^\circ\text{C}$

Ең салқын бескүндік температурасы – $t_{H5} = -38,4^\circ\text{C}$

Қабырға құрамы:

1 Бетон – 300мм

2 Минераловатная плита – 200мм

3Грунтовка – 30мм

4 Фасадная штукатурка – 3мм

Теплотехникалық көрсеткіштер мен коэффициенттер

- $n = 1$
- $\Delta t^H = 7^\circ\text{C}$
- $\alpha_B = 8,7 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{К}$
- $\alpha_H = 23 \text{ Вт/м}^2$

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{n(t_B - t_H)}{\Delta t^H \cdot \alpha_B} = \frac{1(20 - (-38,4))}{7 \cdot 8,7} = 0,95$$

мұндағы α_B – қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылубергіштік коэффициенті;

n –сыртқы ауаға қатыстылығы бойынша қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жағдайына байланысты алынатын коэффициент;

t_B – ішкі ауаның есептік температурасы, градус Цельсий;

t_H –сыртқы ауаның есептік температурасы градус Цельсий.

Әр қабаттың термиялық кедергісін анықтау

$$R_1 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,3\text{м}}{1,3\text{Вт}/(\text{м} \cdot \text{К})} = 0,23 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{К}$$

$$R_2 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,2\text{м}}{0,046\text{Вт}/(\text{м} \cdot \text{К})} = 4,35 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot \text{К}$$

$$R_3 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,03\text{м}}{1,16\text{Вт}/(\text{м} \cdot \text{К})} = 0,026 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot \text{К}$$

$$R_4 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,003\text{м}}{1,2\text{Вт}/(\text{м} \cdot \text{К})} = 0,003 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot \text{К}$$

мұндағы δ – қабат қалыңдығы, м;

λ – жылу өткізгіштіктің есептік коэффициенті.

Термиялық кедергі қосындысы:

$$R_k = R_1 + R_2 + R_3 + R_4 = 4,61 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot \text{К}$$

Қоршау конструкциясының R_0 жылуоқшаулағыштығы

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_{\text{в}}} + R_k + \frac{1}{\alpha_{\text{н}}} = \frac{1}{8,7} + 4,61 + \frac{1}{23} = 4,77 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot \text{К}$$

мұндағы $\alpha_{\text{в}}$ – қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылуөткізгіштік коэффициенті;

$\alpha_{\text{н}}$ – қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жылуөткізгіштік коэффициенті.

$$R_0^{\text{тp}} = 0,95 < R_0 = 4,77$$

Шарт орындалды, жылу оқшаулағыш деңгейі жеткілікті

1.6 Банк ғимаратының инженерлік жүйелері

Инженерлік жүйелер - адам өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайтын ресурстар, олардың бірі жылыту жүйесі, желдету, канализация, сумен жабдықтау және электрикалық жүйелер.

Банк үшін ең маңызды инженерлік жүйелер бірі ол электрикалық, себебі барлық жұмыс компьютерлер арқылы жасалады. Электрика барлық болмелерде қамтамасыз етілуі керек, клиенттерді қабылдау үстелдерінде тоқ нүктелері жеткілікті көлемде орнатылуы қажет. Әр түрлі жағдайларға байланысты тоқ өшуі қаупін алдын алу үшін генератор міндетті түрде болуы керек.

Желдету жүйелері адам жиналған жерлерге маңызды, әсіресе кезек күту орындарында, әр түрлі аурулар тарамау үшін. Ауа алмасуы тек адам ден саулығына емес сонымен қатар ғимарат эксплуатациясының ұзаруына әкеледі. Банк ғимаратында араласқан жүйе қолданады, яғни табиғи желдету және механикалық.

Берілген қала солтүстікте орналасқандықтан жылыту жүйесі сөзсіз маңызды. Көп жылдық практика нәтижесінде су арқылы жылыту жүйесінің көп техникалық артықшылықтары байқалды, олар: барлық бөлмеде бірдей температура, дыбыссыз жұмыс, өңдеу жұмыстарының оңайлығы.

Барлық ғимарат қолдану түрі қандай болса да, адам болатындықтан, сумен жабдықталуы керек. Банк қала ішінде орналасқандықтан орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі қолданылады.

1.7 Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шараларды негіздеу

Қазіргі таңда энергия тиімділігін қолдану маңыздылығы өсуде, банкта көп бөлмелерде мысалы дем алу бөлмесі немесе персонал бөлмелерінде жарық тек керек кезінде қосылатын ақылды жарықтандыру жүйе қолданылады, энергия үнемдейтін лампочкалар қондырылады.

1.8 Көлемді - жобалау шешімдері

Берілген архитектура сызбасы бойынша ғимарат төртбұрышты, тек артқы қабырғасы дөңгеленіп келген. Ғимарат тағайындауы бойынша банк болғандықтан қиын формаларды қажет етпейді, барлық бөлмелер банк қызметіне байланысты жоспар бойынша көруге болады.

Банк үшін ең маңыздысы бір қабатта 4 сақтау бөлмелері (хранилище) орналасқан онын сыртында кірген адамдарды бақылау жер бар.

Сонымен қатар банк персонал үшін әр қабатта 3-4 бөлмелері бар, заттарын қоюға, киінуге, одан бөлек дем алыс бөлмелері де бар.

Жиналыстар ұйымдастырылу үшін және маңызды ақпараттарды көп адамға жеткізуге, әр түрлі іс шаралар өткізуге төменгі қабаттарда актовый залдар орналасқан.

Тұтынушылар өз кезегін күтуге арналған үлкен 2 бөлме бар, халық ыңғайлылығы үшін дивандар орналасқан, күту барысы қызықсыз болмау үшін теледидарлар орнатылған.

Ғимарат салқын және ыссы сумен жабдықталған. Ағынды сулар, яғни раковинадан, дәретхананың сулары ішкі канализациямен гидравликалық қақпа арқылы кетеді. Ғимарат биік болғандықтан бұндағы жауын шашу кету жолдарына

зейін бөлу керек, дауыл канализациясы орнатылып, сулар сол арқылы кетеді. Оның конструкциясы қиын емес, арықтардан тұрады.

1.9 Конструктивті шешімдер

Ғимарат толықтай темір бетоннан жасалады. Аражабындары, ұстындар, сонымен қатар қабырғалар да көтергіштік қасиетті көбейту үшін темір бетоннан жасалады. Ғимарат қасбеті витраждардан жасалғандықтан, Көтергіш қабырғалар ғимарат ішінде орналасқан, сонымен қатар қаңқасын ұстап тұруға ұстындар көмектеседі.

Банк биік болғандықтан плитный іргетас таңдалды, топырақтың қату тереңдігі 1,1м. Іргетас орнату тереңдігі есептер нәтижесінде 1,2м. Бетон классы С25/30 қолданылады.

Ұстын, арқалық және көтергіш қабырғалар, аражабындар тұтасқұймалы темірбетоннан жасалады, ал бөлме аралық қабырғалар 250мм, 120мм кірпіштен жасалады. Есіктер ағаштан жасалған мазонтитті есіктер қолданылады. Витраждар классикалық тонированный қоланылады.

1.10 Іргетас нұсқасы мен оның тереңдігі

Ғимарат биік 12 қабатты болғандықтан болғандықтан плиталық іргетас салынады. Топырақ түрі саздақ, топырақ қату тереңдігі 1,1м, есептеулер бойынша орнату тереңдігі 1,2м. Бұл іргетас түрі топырақ пен жер асты сулар нәтижесінде шөгудің болдырмауына әсерін тигізеді.

Топырақтың қату тереңдігін анықтау:

$$D_{fn} = d_0 \sqrt{M_t} = 0,23 \cdot \sqrt{61,4} = 1,8$$

$$M_t = 16,8 + 15,7 + 8,1 + 7,2 + 13,6 = 61,4$$

мұндағы d_0 – топырақ түріне арналған коэффициент (саз және саздақ 0,23)

M_t – бір жылдағы минус температуралар қосындысы.

Есетік топырақ қату тереңдігі:

$$D_f = k_h \cdot D_{fn} = 0,6 \cdot 1,8\text{м} = 1,1\text{м}$$

мұндағы k_h – бөлмелердің жылытылуына байланысты коэффициент.

Іргетас орнату тереңдігі минимум 1,1м болуы керек, ғимараттың биітігін ескере отырып 1,2 м деп қабылдаймын

1.11 Конструкция элементтерінің өлшемдері мен материалдарын қабылдау

Банк ғимаратының конструктивті каркасы тұтасқұймалы темірбетоннан тұрады. Аражабын қалыңдығы 200мм, көтергіш қабырғалар қалыңдығы 300мм, ұстын қимасы 40·40см биіктігі 3,3 м.

2 Есептік конструктивтік бөлім

2.1 Есептік схеманы құру

«Петропавл қаласындағы банк ғимараты» нысаны бойынша ғимараттың темірбетон конструкцияларын есептеу "Лира САПР 2016" программалық кешені көмегімен орындалды, бұл ретте есептеу нәтижелері қаңқаның көтергіш элементтерінің арматуралаудың қажетті аудандандары, және ғимарат конструкцияларының негізгі элементтеріндегі күштердің есептік үйлесімін анықталды.

Бастапқы деректер:

Қабаттар саны - 12 қабат

Қабат биіктігі - 3,3м


Жұмыстық арматура классы - А500(бойлық), А240(көлденең);

Бетон классы – С25/30

Ұстын – қимасы 400х400мм;

Қабырға – қалыңдығы 300мм;

Жабын мен аражабын – қалыңдығы 200мм;



Сурет 1 – Каркас сызбасы

2.2 Жүктемелерді жинақтау


1 жүктеме – Ғимарат өзінің салмағы

Лира Сапр бағдарламалық кешені автоматты түрде өз салмағын есептейді

2 жүктеме – Еденнен түсетін жүктеме

Кесте 2 – Еденнен түсетін жүктеме

Жүктемелердің атауы	Өлшем бірлігі	Жүктеме мәндері
Цемент төсеніші $\delta=20\text{мм}$, $\rho=22\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,020 \cdot 22=0,44$
Пенополиэтилен $\delta=10\text{мм}$, $\rho=6,4\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,010 \cdot 6,4=0,06$
Керамическая плитка $\delta=15\text{мм}$, $\rho=18\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,015 \cdot 18=0,3$
Барлығы	кН/м ²	0,80



Сурет 2 – Еден қимасы

Кесте 3 – Шатыр түсетін жүктеме

Жүктемелердің атауы	Өлшем бірдігі	Жүктеме мәндері
Керамзит $\delta=30\text{мм}$, $\rho=0,3\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,030 \cdot 0,3=0,09$
Цементно песчаная стяжка $\delta=50\text{мм}$, $\rho=14\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,050 \cdot 14=0,7$
Праймер $\delta=5\text{ мм}$, $\rho=1\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,005 \cdot 1=0,005$
Пароизоляциялық және битумдық рулон $\delta=5\text{ мм}$, $\rho=0,4\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,005 \cdot 0,4=0,002$
Минераловатный жылытқыш $\delta=200\text{ мм}$, $\rho=0,3\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,200 \cdot 0,3=0,06$
ПВХ мембрана $\delta=2\text{ мм}$, $\rho=1,4\text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,002 \cdot 1,4=0,0028$
Барлығы	кН/м ²	0,86

3 жүктеме – Қабырғадан түсетін жүктеме

Арақабырғадан түсетін жүктеме

Железобетон 250мм; $3,3\text{м} \cdot 0,25\text{м} \cdot 2,5 \text{ кН/м}^3 = 2,5 \text{ кН/м}$

Штукатурка 10мм; $3,3\text{м} \cdot 0,01\text{м} \cdot 0,8\text{кН/м}^3 = 0,03\text{кН/м}$

$$2,5 + 0,03 \cdot 2 = 2,56 \text{ кН/м}$$

Арақабырға өздік салмағына байланысты біркелкі таралған жүктеме өлшемі: $2,56 < 3 \text{ кН/м}$ болғандықтан $q_k = 1,2 \text{ кН/м}^2$ деп қабылдаймыз

Сыртқы қабырғалардан түсетін жүктеме

Кесте 4 – Сыртқы қабырға жүктемесі

Жүктемелердің атауы	Өлшем бірдігі	Жүктеме мәндері
Композиттік панель $\delta=5 \text{ мм}$ $\rho=19\text{кН/м}^3$	кН/м^2	$0,005 \cdot 19 = 0,095$
Пенополеуретан $\delta=50 \text{ мм}$ $\rho=0,03\text{кН/м}^3$	кН/м^2	$0,050 \cdot 0,03 = 0,0015$
Бетон $\delta=300 \text{ мм}$ $\rho=25\text{кН/м}^3$	кН/м^2	$0,3 \cdot 25 = 7,5$
Штукатурка $\delta=10 \text{ мм}$ $\rho=0,8\text{кН/м}^3$	кН/м^2	$0,08 \cdot 0,8 = 0,064$
Барлығы $\delta=365 \text{ мм}$	кН/м^2	7,6

$$3,3\text{м} \cdot 7,6\text{кН/м}^2 = 25,1 \text{ кН/м}$$

4 жүктеме - Аражабынға түсетін уақытша жүктеме

ҚР ЕЖ EN 1991-1-1 6.1 - кесте бойынша банк С1 категория

6.2 - кесте бойынша С1 категория $q_k=2,5\text{кН/м}^2$

5 жүктеме - Жабынға түсетін қар жүктемелері

Парапет биіктігі – 1м

Құрылыс орны: Петропавл

ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы бойынша: Қар ауданы – IV, есепті қар жүктемесі – $s_k = 1,8\text{кПа}$

ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017, 5.2.3 [5.2(3) Р] Жабынға қар жүктемелері келесі түрде анықталады:

$$S_1 = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,8 = 1,44 \text{ кПа}$$

мұндағы μ_i - қар жүктемелері нысандарының коэффициенті (Б қосымшасы және 5.3 бойынша);

s_k – топыраққа түсетін қар жүктемелерінің сипаттамалық мәні;

C_e – қоршаған орта коэффициенті; $C_e=1,0$ (обычное условие) (5.1[5.1]-кестесі. Мекеннің әр түрлі шарттарына ұсынылатын C_e коэффициентінің мәні) ;

C_t – жылу коэффициенті, $C_t = 1,0$ (қар жүктемелерінің төмендеуі, қарастырылған жоғары жылу беретін жабындарға, ескерілмейді). (ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017 байланысты 5.2 жүктеме қосымшасының схемасы арқылы қабылдаймыз).

Қар жүктемелері нысандарының коэффициентін анықтаймыз:

$$\mu_1 = \frac{2h}{s_k} = \frac{2 \cdot 1}{1,8} = 1,1$$

$$\mu_1 = \frac{2b}{l_s} = \frac{2 \cdot 17}{5} = 6,8$$

$$l_s = 5 \cdot h = 5 \cdot 1 = 5\text{м}$$

$$\mu_1 = 8$$

Ең кішісі $\mu_1 = 1,1$

$$S_1 = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 1,1 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,8 = 2 \text{ кПа}$$

$$2+1,44=3,44 \text{ кПа}$$

6 жүктеме – Жел жүктемесі У бойымен

Ғимарат 40,6(h)×34×21,5 Петропавл қаласы НТП РК 01-01-3.1 (4.1)-2017 Приложение Ж ҚР аумағын негізгі желдің жылдамдығына аудандастыру картасы бойынша жел районы IV ($p=0,77\text{кПа}$)

$$b = 34\text{м} < h = 40,6\text{м} < 2b = 68\text{м}$$

ҚР НТҚ 01-01-3.1(4.1)-2017 бойынша Ғимарат құрылымының сыртқы беттеріне әсер ететін желдің қысымы формула бойынша анықталуы керек:

$$W_e = q_p(z_e)C_{pe} \quad (1)$$

мұндағы $q_p(z_e)$ -желдің жылдамдығының ең жоғары мәні;

$C_e(z)$ -коэффициент экспозиций;
 $C_{pe} = 0,8$ аэродинамикалық сыртқы қысым коэффициенті 7.1
 таблица бойынша $h/d=1,2$.

Коэффициент экспозиции 4.5 суреті бойынша IV район үшін

$$C_e(34\text{м}) = 2,1 \quad C_e(40,6\text{м}) = 2,2$$

Желдің жылдамдығының ең жоғары мәні

$$q_p(z_e) = C_e(34\text{м}) \cdot q_b = 2,1 \cdot 0,77\text{кПа} = 1,62\text{кПа}$$

$$q_p(z_e) = C_e(40,6\text{м}) \cdot q_b = 2,2 \cdot 0,77\text{кПа} = 1,69\text{кПа}$$

Желдік қысым(наветренная сторона D):

$$z_e = 34\text{м} \quad c_e(34) = 2,1 \quad w_e = 1,62\text{кПа} \cdot 0,8 = 1,3\text{кПа}$$

$$z_e = 40,6\text{м} \quad c_e(40,6) = 2,2 \quad w_e = 1,69\text{кПа} \cdot 0,8 = 1,35\text{кПа}$$

$$1,3\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 4,3\text{кН/м} = 0,43\text{т/м}$$

$$1,35\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 4,5\text{кН/м} = 0,45\text{т/м}$$

Желдік қысым(подветренная сторона E):

$$C_{pe} = -0,5 \quad c_e(34) = 2,1 \quad w_e = 2,1 \cdot 0,77\text{кПа} \cdot (-0,5) = 0,8\text{кПа}$$

$$C_{pe} = -0,5 \quad c_e(40,6) = 2,2 \quad w_e = 2,2 \cdot 0,77\text{кПа} \cdot (-0,5) = 0,85\text{кПа}$$

$$0,8\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 2,6\text{кН/м} = 0,26\text{т/м}$$

$$0,85\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 2,8\text{кН/м} = 0,28\text{т/м}$$

7 жүктеме – Жел жүктемесі Х бойымен

Ғимарат $40,6(h) \times 34 \times 21,5$ Петропавл қаласы НТП РК 01-01-3.1 (4.1)-2017
 Приложение Ж ҚР аумағын негізгі желдің жылдамдығына аудандастыру картасы
 бойынша жел районы IV ($p=0,77\text{кПа}$)

$$b = 21,5\text{м} < h = 40,6\text{м} < 2b = 43\text{м}$$

Коэффициент экспозиции 4.5 суреті бойынша IV район үшін

$$C_e(21,5\text{м}) = 1,7 \quad C_e(40,6\text{м}) = 2,2$$

Желдің жылдамдығының ең жоғары мәні

$$q_p(z_e) = C_e(21,5\text{м}) \cdot q_b = 1,7 \cdot 0,77\text{кПа} = 1,3\text{кПа}$$

$$q_p(z_e) = C_e(40,6\text{м}) \cdot q_b = 2,2 \cdot 0,77\text{кПа} = 1,69\text{кПа}$$

Желдік қысым(наветренная сторона D):

$$z_e = 34\text{м} \quad c_e(21,5) = 1,7 \quad w_e = 1,3\text{кПа} \cdot 0,8 = 1,04\text{кПа}$$

$$z_e = 40,6\text{м} \quad c_e(40,6) = 2,2 \quad w_e = 1,69\text{кПа} \cdot 0,8 = 1,35\text{кПа}$$

$$1,04\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 3,4\text{кН/м} = 0,34\text{т/м}$$

$$1,35\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 4,5\text{кН/м} = 0,45\text{т/м}$$

Желдік қысым(подветренная сторона E):

$$C_{pe} = -0,5 \quad c_e(21,5) = 1,7 \quad w_e = 1,7 \cdot 0,77\text{кПа} \cdot (-0,5) = -0,65\text{кПа}$$

$$C_{pe} = -0,5 \quad c_e(40,6) = 2,2 \quad w_e = 2,2 \cdot 0,77\text{кПа} \cdot (-0,5) = -0,85\text{кПа}$$

$$0,65\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 2,1\text{кН/м} = 0,21\text{т/м}$$

$$0,85\text{кН/м}^2 \cdot 3,3\text{м} = 2,8\text{кН/м} = 0,28\text{т/м}$$

2.3 Жүктемелердің комбинациясын құру

Кесте 5 – ψ коэффициентінің мәндері

Әсер ету	ψ_0	ψ_1	ψ_2
Категория С	0,7	0,7	0,6

Расчетные сочетания нагрузок

Номер таблицы РСН 1 Имя таблицы РСН СН РК EN 1990:2002+A1:2005/201

☐ Определяющие РСН

СН РК EN 1990:2002+A1

	N загруз.	Наименование	Вид	Знакоперем.	Взаимоскл.	Коэф. безоп.	6.10(1)	6.10(2)	6.10(3)	6.10(4)	6.10(5)	6.10(6)
1	1	Собственный вес	Постоянное, G	+		1.0	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
2	2	Нагрузки от пола	Постоянное, G	+		1.0	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
3	3	Нагрузки от стен	Постоянное, G	+		1.0	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35
4	4	Временная нагрузка на	Временное, Q	+		1.0	1.5	1.5	1.5	1.5	1.05	1.05
5	5	Временная снеговая	Временное (снег), Q	+		1.0	1.05	1.05	1.05	1.05	1.5	1.5
6	6	Ветер по X	Временное (ветер), Q	+	1	1.0	0.9	0	0	0	0.9	0
7	7	Ветер по Y	Временное (ветер), Q	+	1	1.0	0	0.9	0	0	0	0.9
8	8	Ветер по Z	Временное (ветер), Q	+	1	1.0	0	0	0.9	0	0	0
9	9	Ветер по W	Временное (ветер), Q	+	1	1.0	0	0	0	0.9	0	0

Сурет 3 – Есептік жүктемелер үйлесімі 1 бөлімі

Расчетные сочетания нагрузок

Номер таблицы РСН 1 Имя таблицы РСН СН РК EN 1990:2002+A1:2005/201

☐ Определяющие РСН

СН РК EN 1990:2002+A1

	N загруз.	Наименование	6.10(2)	6.10(3)	6.10(4)	6.10(5)	6.10(6)	6.10(7)	6.10(8)	квaziпост	частая	частая 2	частая 3	частая 4
1	1	Собственный вес	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.	1.	1.	1.	1.
2	2	Нагрузки от пола	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.	1.	1.	1.	1.
3	3	Нагрузки от стен	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.15	1.	1.	1.	1.	1.
4	4	Временная нагрузка на	1.5	1.5	1.5	1.05	1.05	1.05	1.05	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6
5	5	Временная снеговая	1.05	1.05	1.05	1.5	1.5	1.5	1.5	0.3	0.2	0.2	0.2	0.2
6	6	Ветер по X	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.	0.2	0.	0.	0.
7	7	Ветер по Y	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.	0.2	0.	0.
8	8	Ветер по Z	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.	0.2	0.
9	9	Ветер по W	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.	0.2

Сурет 4 – Есептік жүктемелер үйлесімі 2 бөлімі

Расчетные сочетания нагрузок

Номер таблицы РСН 1 Имя таблицы РСН СН РК EN 1990:2002+A1:2005/201

☐ Определяющие РСН

СН РК EN 1990:2002+A1


	N загруз.	Наименование	6.10(7)	6.10(8)	6.10a(1)	6.10a(2)	6.10a(3)	6.10a(4)	6.10a(5)	6.10a(6)	6.10a(7)	6.10a(8)	6.10(1)	6.10(2)
1	1	Собственный вес	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.15	1.15
2	2	Нагрузки от пола	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.15	1.15
3	3	Нагрузки от стен	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.35	1.15	1.15
4	4	Временная нагрузка на	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	1.5	1.5
5	5	Временная снеговая	1.5	1.05	1.05	1.05	1.05	1.05	0.75	0.75	0.75	0.75	1.05	1.05
6	6	Ветер по X	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.
7	7	Ветер по Y	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9
8	8	Ветер по Z	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.
9	9	Ветер по W	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.	0.	0.9	0.	0.

Сурет 5 – Есептік жүктемелер үйлесімі 3 бөлімі

2.4 Топырақты негізді моделдеу

Берілгені бойынша топырақ түрі суглинок болғасын көлденең деформация коэффициент $0,35$ ке тең деп қабылдаймыз, Суглинок үлес салмағы $18\text{кН/м}^2=1,8\text{т/м}^2$

СП РК 5.01-102-2013 А.1- кестесі бойынша суглинок үшін $c=4\text{кПа}$ $\varphi=30^\circ$
 $E=18\text{МПа}=18000\text{кН/м}^2=1800\text{т/м}^2$




Сурет 6 – C1 C2 коэффициенттері

Үшінші метод бойынша коэффициент постели қабылдаймыз

2.5 Есептеулер бойынша анализдар

Іргетастың шөгуін анықтау

Іргетастың шөгуін квазипостоянный комбинацияға қойып Лира бағдарламасында анализ арқылы көреміз



Сурет 7 - Іргетастың шөгу өлшемдері

СП РК 5.01-102-2013 бойынша осадка 150 мм ден аспауы керек, біздің жағдайда осадка $104\text{мм} < 150\text{мм}$

Аражабынды иілуге тексеру

СН РК EN 1992-1-1 7.4(4) пункт бойынша квазипостоянный жүктемелер үйлесімінде жабын, арқалық иілуі $1/250$ аспауы керек


Шекті деформация:

$$\frac{6800\text{мм}}{250} = 27\text{мм}$$

0,00 м биіктік үшін иілуі:

$$86,5\text{мм} - 63,1\text{мм} = 23,4\text{ мм}$$

$$23,4\text{ мм} < 27\text{ мм шарт орындалды}$$




Сурет 8 - Иілу мозайкасы 0,000 м биіктікте

3,30 м биіктік үшін иілуі:


$$85,7 \text{ мм} - 80,4 \text{ мм} = 5,3 \text{ мм}$$

5,3 мм < 27 мм шарт орындалды



Сурет 9 - Иілу мозайкасы 0,000 м биіктікте

Ғимарат қабаттарының горизонтальды ауытқуын тексеру
Еврокоду 0 жобалауға арналған нұсқаулық бойынша ғимарат горизонталь орын ауыстыруы биіктіктін 250 ге бөлгеннен аспауы керек



Сурет 10 - Ғимарат горизонталь орын ауыстыруы


Шекті деформация:

$$\frac{3300\text{мм}}{250} = 13,2$$

Әр қабатта өзгерісі 2 ден кіші, ол <15,6 мм шарт орындалды

2.6 Колонна және ригель есебі

Колонна тіктөртбұрышты қимасы $b=400\text{мм}$, $h=400\text{мм}$; $c_1=40\text{мм}$. Бетон классы C25/30 ($f_{ck} = 25\text{МПа}$, $\gamma_c = 1,5$, $a_{cc} = 0,85$, $f_{cd} = \frac{a_{cc} \cdot f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0,85 \cdot 25}{1,5} = 14,2\text{ МПа}$)
Арматура класса S500 ($f_{yk} = 500$, $\gamma_s = 1,15$, $f_{sd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} = 435\text{ МПа}$). Бетон классы C25/30
 $E_{cm}=31\text{ГПа}$, $I=2,1 \cdot 10^9\text{мм}^4$.



Сурет 11 – Колонна иілу моменті

Иілу моменті $M_{Ed} = M_y = 165$ кНм бойлық күш $N_{Ed} = 232$ кН

Колонна есептік ұзындығын анықтаймыз ҚР ҚН EN1991-1-1:2002/2011 5.7 суреті бойынша

$$l_0 = 0,5l \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{k_1}{0,45 + k_1}\right) \cdot \left(1 + \frac{k_1}{0,45 + k_1}\right)}$$

$$= 0,5 \cdot 3,3 \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{0,1}{0,45 + 0,1}\right) \cdot \left(1 + \frac{0,1}{0,45 + 0,1}\right)} = 1,95\text{м}$$

Колонна шектік икемділігін анықтау

$$\lambda = \frac{l_0}{i} = \frac{1950}{114,6} = 17$$

$$i = \sqrt{\frac{I}{A_c}} = \sqrt{\frac{2,1 \cdot 10^9}{400 \cdot 400}} = 114,6\text{мм}$$

$$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} = \frac{165000000}{232000} = 710\text{мм} > 400\text{мм}$$

$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} > h$ шарты орындалғандықтан ползучесть ескермеуге болады

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \cdot 0,7 \cdot 1,1 \cdot 1,1}{\sqrt{0,1}} = 53$$

$$\lambda = 17 < \lambda_{lim} = 53$$

Икемділігі жеткілікті

$$d = h - c_1 = 400 - 40 = 360\text{мм}$$

$$a_{Ed} = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{165 \cdot 10^6}{14,2 \cdot 400 \cdot 360^2} = 0,21$$

$$v_{Ed} = \frac{N_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d} = \frac{232000}{14,2 \cdot 400 \cdot 360} = 0,11$$

Керекті бойлық арматура ауданы Γ қосымшасы бойынша $\frac{c_1}{h} = \frac{40}{400} = 0,10$ $\omega_{tot} = 0,4$

$$A_{s,tot} = \omega_{tot} \cdot \frac{b \cdot h}{\frac{f_{yd}}{f_{cd}}} = 0,4 \cdot \frac{400 \cdot 400}{\frac{435}{14,2}} = 1969 \text{ мм}^2$$

$$A_{s1} = A_{s2} = \frac{A_{s,tot}}{2} = \frac{1969}{2} = 985 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: 4d25 S500 ($A=1963\text{мм}^2$)

Балка арматуралау есебі

Төртбұрышты қима өлшемдері $b=350\text{мм}$, $h=450\text{мм}$, $c_1=40\text{мм}$

Бетон классы С 25/30


Бетон есептік кедергісі:

$$f_{cd} = \frac{a_{cc} \cdot f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0,85 \cdot 25}{1,5} = 14,2 \text{ МПа}$$

Арматура классы S500

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} = 435 \text{ МПа}$$

Максималды момент Лира бағдарламасынан $M_{Ed} = 11,4 \text{ кНм}$



Сурет 12 – Балка иілу моменті

$$d = h - c_1 = 450\text{мм} - 40\text{мм} = 410\text{мм}$$

ҚР НТҚ 02-01-1.1-2011 Д.1.2.4 пункт Д12 формула бойынша

$$a_m = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{11,4 \cdot 10^6}{14,2 \cdot 350 \cdot 410^2} = 0,02$$

$$\omega_1 = 0,1924 \quad \zeta_1 = \frac{z_1}{d} = 0,884 \quad z_1 = 0,884 \cdot 0,410 = 0,36 \text{ м}$$

$$A_s = \frac{1}{\sigma_{sd}} (\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{434,8} (0,1924 \cdot 350 \cdot 410 \cdot 14,2) = 902\text{мм}^2$$

Сортамент бойынша 4 шт 18 диаметр $A_s=10,18\text{см}^2$

Минималды аудан

$$A_{s,min} = 0,26 \cdot \frac{f_{ctm}}{f_{yk}} \cdot b_t \cdot d = 0,26 \cdot \frac{2,6}{500} \cdot 350 \cdot 410 = 194\text{мм}^2$$

Көлденең арматура қадамы мен ауданын анықтау

Көлденең күш $V_{Ed,max} = 38,3$ кН

Бетон қабылдай алатын көлденең күш

$$V_{Rd,c} = \left[\left(\frac{0,18}{\gamma_c} \right) \cdot k \cdot (100 \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d = \\ = \left[\left(\frac{0,18}{1,5} \right) \cdot 1,2 \cdot (100 \cdot 0,0071 \cdot 25)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 350 \cdot 410 = 121,8 \text{ кН}$$

$$V_{Rd,c,min} = \left[0,035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}} \right] \cdot b_w \cdot d = \left[0,035 \cdot 1,2^{\frac{3}{2}} \cdot 25^{\frac{1}{2}} \right] \cdot 350 \cdot 410 = 33 \text{ кН}$$

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} \leq 2, \quad k = 1 + \sqrt{\frac{200}{410}} = 1,2 \leq 2$$

$$\rho_l = \frac{A_s}{b_w \cdot d} = \frac{1018}{350 \cdot 410} = 0,0071 \leq 0,02$$

Бірінші есептік қима $d_z = z \cdot \operatorname{ctg} \theta = 0,9d \cdot \operatorname{ctg} 40 = 440$ мм

Бұл қимадағы көлденең күш $V_{Ed} = \frac{(3,4 - 0,440) \cdot 38,3}{3,4} = 33,3$ кН

Адымын $s=200$ мм деп қабылдаймыз

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d_z \cdot f_{sw} \cdot \operatorname{ctg} \theta} = \frac{33,3 \cdot 10^3 \cdot 200}{440 \cdot 167 \cdot \operatorname{ctg} 40^\circ} = 76 \text{ мм}^2$$

Сортамент бойынша арматура қабылдаймыз: $2\emptyset 8 S240$ ($A_{s1} = 101 \text{ мм}^2$)

Сонымен қатар келесі шарттар орындалуы керек:

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} \leq 0,5 \cdot v \cdot f_{cd}$$

$$V_{Rd,max} = \frac{v \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot d_z}{\operatorname{ctg} \theta + \operatorname{tg} \theta} = \frac{0,54 \cdot 14,2 \cdot 350 \cdot 440}{1,1918 + 0,839} = 590,4 \text{ кН}$$

$V_{Ed} = 33,3 \text{ кН} \leq V_{Rd,max} = 590,4 \text{ кН}$ — условие выполняется.

$$v = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck} (\text{МПа})}{250} \right) = 0,6 \left(1 - \frac{25}{250} \right) = 0,54 \geq 0,5$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{101 \cdot 167}{350 \cdot 200} = 0,24 \text{ МПа}$$

$$0,5 \cdot v \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,54 \cdot 14,2 = 3,834 \text{ МПа}$$

0,24 МПа < 3,834 МПа – шарт орындалды

Аралық ортасындағы көлденең арматура конструктивті түрде ең аз дегенде 6 мм деп қабылданады ҚР НТҚ 02-01-1.1-2011 9.11.2 шы пункт бойынша

9.13.1.3.6 пункт бойынша көлденең арматура максималды ара қашықтығы

$$s_{L,max} = 0,75 \cdot d \cdot (1 - ctg\alpha) = 0,75 \cdot 410(1 - ctg90) = 307 \text{ мм}$$

Қабылдаймыз Ø8 S240 s = 200мм

3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі

3.1 Бүкіл ғимаратты салу жұмыстарының көлемін анықтау

Кесте 6 – Жұмыстар көлемі

Жұмыстардың атауы	Өл.бір	1 экз	Барлық
1 Іргетас үшін			
Қалып құрылысы	1 м ²	247,2	247,2
Арматуралық жұмыстар	1т	70,9	70,9
Бетон төсеу	1 м ³	2240	2240
Қалыпты алып тастау	1 м ³	247,2	247,2
2 Ұстын Үн1 үшін (625)			
Қалып құрылысы	1 м ²	5,3	3313
Арматуралық жұмыстар	1т	0,05	31,3
Бетон төсеу	1 м ³	0,53	331,3
Қалыпты алып тастау	1 м ³	5,3	3313
3 Балка Б1 үшін			
Қалып құрылысы	1 м ²	10,88	3917
Арматуралық жұмыстар	1т	0,054	19,4
Бетон төсеу	1 м ³	1,1	396
Қалыпты алып тастау	1 м ³	10,88	3916,8
4 Жабын плиталарыш үшін Пм1 (4)			
Қалып құрылысы	1 м ²	52,5	210
Арматуралық жұмыстар	1т	71,5	286
Бетон төсеу	1 м ³	560	2240
Қалыпты алып тастау	1 м ³	52,5	210
5 Жабын плиталарыш үшін Пм2 (8)			
Қалып құрылысы	1 м ²	27,3	218,4
Арматуралық жұмыстар	1т	18,2	145,6
Бетон төсеу	1 м ³	140	1120
Қалыпты алып тастау	1 м ³	27,3	218,4
Жұмыстардың атауы		Өл.бір	Саны
Жер жұмыстары			
1 Өсімдіктің қабатын кесу		1000 м ²	5,2
2 Экскаватормен топырақ қазу үйіндіге		100 м ³	0,8
3 Экскаватормен топырақ қазу көлік құралдарына		100 м ³	22,9
4 бульдозермен топырақтың жетіспеушілігін өңдеу		1 м ³	520,3
5 Топырақ тығыздалуы		1000 м ²	4

